

## Жоғары арнаулы білім туралы Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 1 қараша N 1036 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсан N 1314 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 522 бұйрығымен

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 522 бұйрығымен.*

*Үзінді:*

*Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы*

*Б і л і м ж ә н е ғы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң*

*2 0 0 7 ж ы л ғы 1 қ а р а ш а д а ғы*

*N 522 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір күші жойылған деп танылған бұйрықтарының тізбесі*

*1 . . . . .*

*2 . . . . .*

*3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 1 қарашадағы N 1036 "Жоғары арнаулы білім беру туралы Ереже" бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсанда N 1314 т і р к е л г е н ) .*

*4 . . . . .*

---

Жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдарында жоғары арнаулы білімнің оқу-кәсіптік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса берілген "Жоғары арнаулы білім туралы Ереже" бекітілсін.

2. Жоғары білім департаменті (Ә. Әбжаппаров) осы бұйрықты белгіленген

тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуы бақылау вице-Министр Ә.Ахметовке жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрлігінің  
2000 жылғы 1 қарашадағы

№ 1036 бұйрығымен бекітілген

**Жоғары арнаулы білім туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жоғары арнаулы білім туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 7 маусымындағы "Білім туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 желтоқсандағы № 1845 "Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Жоғары арнаулы білім Қазақстан Республикасындағы жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымының негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

3. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасының міндеті - экономика, әлеуметтік және басқару салалары үшін дипломды мамандар даярлау.

Дипломды мамандар даярлау Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білімді мамандарды даярлау және жоғары кәсіптік білім мамандықтарының Классификаторына сәйкес жүргізіледі.

4. Жоғары арнаулы білім берудің негізгі мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;

2) қоғамды алған біліктіліктеріне сәйкес кәсіптік қызмет атқаруға қабілетті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету;

3) оқуын білім берудің жоғары кәсіптік немесе жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейлерінде жалғастыруға қабілетті жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

5. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту жалпы орта немесе кәсіптік орта білім, сондай-ақ кәсіптік жоғары білім негізінде іске асырылады.

6. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша

мамандар даярлауды, білім беру қызметіне лицензиясы бар, жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары іске асырады.

7. Жоғары арнаулы білім алу үшін жоғары оқу орындарына қабылдау тәртібін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен, Типтік қабылдау ережелерінде белгіленеді.

8. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқыту, жеке тұлғалардың мүмкіндігі мен талаптарын ескере отырып, мынадай нысандарда белгіленеді: күндізгі, сырттай, кешкі оқу, дистанциялық оқыту және экстернат.

9. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқу мерзімі - күндізгі оқу түрі үшін 4 жылдан кем емес болып белгіленеді.

Медициналық білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша оқу 7 жылға дейін созылады және бітіретін жылы интернатура нысанында ұйымдастырылады.

Сырттай оқу нысаны бойынша оқыту мерзімі күндізгі бөліммен салыстырғанда, сәйкес мамандықтар бойынша, 1 жылға артық болып белгіленеді.

Сырттай, дистанциялық нысандар бойынша оқытуда, экстернатта күндізгі бөлім үшін белгіленген оқу жоспарындағы пәндер тізбесін қысқартуға рұқсат етілмейді. Сырттай оқытындарға арналған пәндерді игерудің ауқымдылығы күндізгі оқытындар үшін бекітілген пәндердің жалпы ауқымдылығының 30-40% мөлшеріндей болуы тиіс. Оқу мерзімін барынша қысқарту білім беру саласындағы орталық атқару органының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі.

10. Мұндай жағдайда қысқартылған оқыту бағдарламасы бойынша оқыту ауқымдылығы 1440 сағаттан кем болмауы керек.

## **2. Жоғары арнаулы білімді мамандар даярлауға қойылатын талаптар**

11. Жоғары базалық білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасының көлемі мен құрылымына қойылатын талаптар "ҚР МЖБС 3.001-2000. Білім жоғары кәсіптік. Негізгі ережелер. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандартымен" анықталады.

12. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламасы бойынша оқуды бітіруші мынадай талаптарға жауап беруге міндетті:

1) гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары салаларындағы негізгі оқуларды түсіну және кәсіптік және әлеуметтік қызметте осы ғылымдардың әдістерін пайдалана білу;

2) таңдаған мамандық бойынша іргелі даярлығы болу;

3) ғылыми-техникалық прогрестің даму, әлеуметтік ортаның өзгеру жағдайларында бүгінгі таңдағы ақпараттық білім беру технологиясын пайдалану

арқылы жаңа білім алуға қабілетті болу;

4) мемлекеттік, орыс және шет ел тілдерінің біреуін меңгеру;

5) ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және сақтау жөніндегі қазіргі компьютерлік технологияны меңгеруі;

6) білімін кәсіптік жоғары білім беру жүйесінің келесі деңгейінде жалғастыруға қабілетті болуы.

#### **4. Қорытынды аттестаттау**

13. Оқуды бітірудің соңғы семестрінде мемлекеттік емтихандар тапсыру және (немесе) диплом жобаларын (жұмыстарын) орындау және қорғау түрінде мемлекеттік қорытынды аттестаттау қарастырылады.

Қорытынды аттестаттаудың нақты түрі, сондай-ақ мемлекеттік емтихандар тапсырылатын және диплом жобалары қорғалатын оқу пәндері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен анықталады.

14. Диплом жобаларын (жұмыстарын) қорғау және (немесе) мемлекеттік емтихандар тапсыру Мемлекеттік аттестациялық комиссияның мәжілісінде ө т к і з і л е д і .

15. Оқитындарды қорытынды аттестаттау білім беру саласының орталық атқарушы органымен бекітілген Жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу және ұйымдастыру туралы ережеге сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

16. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқу жоспарын толық орындаған, диплом жобаларын табысты қорғаған және (немесе) мемлекеттік емтихандарды тапсырған жеке тұлғаларға нақты мамандық бойынша "жоғары кәсіби білімді маман" тиісті біліктілігімен бірге жоғары білім туралы диплом беріледі.

Біліктіліктің нақты атауы мамандыққа (мамандандыруға) байланысты білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен анықталады.

17. Сонымен қатар бітірушіге ғылыми пәндер бойынша қорытынды бағалар, мемлекеттік емтихандар тапсыру қорытындысы және (немесе) диплом жобасының (жұмысының) тақырыбы мен бағалары көрсетілген дипломға қ о с ы м ш а б е р і л е д і .

18. Жоғары арнаулы білім берудің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқу бітірген жеке тұлғалар берілген біліктілігі бойынша жұмыс істей алады немесе белгіленген тәртіпте магистратурада яки аспирантурада оқуын ж а л ғ а с т ы р у ы н а б о л а д ы .

19. Теориялық оқуды бітірмеген, немесе қорытынды аттестаттаудан өтпеген жеке тұлғаларға белгіленген үлгідегі академиялық анықтама беріледі.

